



Бес ел асқан белестер

Каспийдің құқықтық мәртебесі анықталар күн де алыс емес

«Ән ескен сылдырынан,

Каспийдің толқындары-ай!» дегізіп, жырға да, әнге де арқау болған атақты қарт Каспий ғой бұл! Ал аталған алқалы жиын – «Каспийдің толқындары» толғандырған бес ел басшыларының төртінші басқосуы.

Ерекше географиялық жағдайда орналасқан Каспий – оның жағасын қоныстанған қай ел үшін де үлкен қазына. Себебі, Каспий өңірінің географиялық жағдайы ерекше, сонымен қоса ол энергетикалық шикізат пен биологиялық ресурстардың мол қоры болып табылады. Осыған орай қойнауы байлыққа толы Каспий жағасына жайғасқан бес мемлекеттің жалпы экономикалықәлеуметтік тіршілігінде айрықша рөл ойнайды. Бұл елдер үшін Каспий өңірін мүддеге сай игеріп қана қою емес, оның табиғи байлықтарының сақталуы, экологиялық қауіпсіздігі мен жалпы тұрақтылығы да аса маңызды мәселе. Осы себепті де Каспий мәртебесіне қатысты проблемалар, негізінен, кешенді, көпқырлы сипатта. Оның ішінде құқықтық мәртебесін анықтау жайы қаншама жылдан бері басты назарда болып келеді. Алайда, Каспий жағалауы мемлекеттерінің теңіздегі ынтымақтастығы бекем екендігіне қарамастан, ортадағы бір теңіздің құқықтық мәртебесін анықтау ісінде әлі ортақ мәмілеге келе алған жоқ. Жаңа құқықтық мәртебе беру бойынша келіссөздер үдерісі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Міне, төртінші саммит те осы мәселелерді кеңінен талқылауды мақсат тұтты.

Жағалық шекарамыздың екі мың үш жүзден астам шақырымын алып жатқан Каспий өзгелерден гөрі біздің елмен молырақ шектеседі. Сосын да болар, сайып келгенде қалай айтсақ та, бұл теңіз – Қазақстан үшін көз қуанышы, көңіл жұбанышы, экономикасының бір тірегі. Ол бәрімізге белгілі аты аңызға айналған бекіре уылдырығымен, қара алтынымен танымал. Сондықтан да болар, Каспийге қатысты мәселеге күллі Қазақ елі бейжай қарай алмайды.

Сонымен, қазіргі күрделі экономикалық жағдай аясында Каспий теңізі өңірінде және тұтастай әлемде қалыптасқан биосаяси ахуалды талдауға, Каспийді делимитациялау үдерісін тездетіп аяқтауға және оның құқықтық мәртебесін басқа да қырларымен байланысты мәселелерін кідіріссіз шешуге бағытталған тағы бір жиын өз жұмысын бастады.

Астрахань жиынына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Хасан Рухани, Ресей Президенті Владимир Путин және Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымұхамедов қатысты.

Саммитке келген мемлекеттер басшыларын дәстүр бойынша жиын өтіп отырған мемлекеттің Президенті Владимир Путин «Астрахань Кремлінің» алдынан өзі күтіп алды. Сосын шағын құрамдағы отырыс басталды. Мұндай басқосулардың әдеттегідей тәртібі бойынша, жиынның сөз тізгінін де «үй иесі» өзі басқарды. Ресей Президенті жиынды аша отырып, алдымен Каспий жағалауы елдерінің ынтымақтастығының маңыздылығына тоқталды.

«Каспий теңізі және оның байлығы – біздің мемлекеттеріміздің тарихи мұрасы және оны сақтап, қорғау біздің келешек ұрпақ алдындағы зор жауапкершілігіміз. Бейнелей айтсақ, Каспий өңірі бейбітшіліктің, тату көршілестігіміздің жазирасы. Осы тұрақтылық негізі Каспий маңындағы елдердің өзара қарым-қатынасын, ынтымақтастығын сақтап, шынайы татулықтың өлшеміне айналып отыр. Бізді – жағалаудағы елдердің халықтарын, басшыларын, барлығымызды осы теңізге қатысты мәселелер байланыстырып отыр. Оның ішінде, қауіпсіздік мәселесі, экономика немесе айналадағы ортаны қорғау, тағы басқада мәселелер бар. Ал мұның барлығына қатысты іс-шаралар өткен жолғы кездесулерде де талқыланып, нақты жұмыстар қолға алынды. Каспий бестігінің арнайы тетіктері сөз болды. Менің айтып отырғаным, мемлекеттер басшылары деңгейіндегі кездесулер ғана емес, бұдан басқа министрліктердің, ведомстволардың белсенді қызметі, сарапшы топтардың, бизнес-қауымдастық бірлестіктердің, жас тар ұйымдарының кездесулері де бұл мәселеге барынша атсалысып келеді. Мұның бәрі бізге кез келген күрделі мәселені талқылап, тиімді шешімдер шығаруға мүмкіндік береді», деді Ресей Президенті. Одан әрі ол алдыңғы үшінші саммитте қол жеткен келісімдердің нәтижесінде көпте ген жұмыстар атқарылып жатқанын, ал осы саммит барысында сол жұмыстардың қорытындысы, нәтижелері талқыланатындығын, болашақ бағдарланып, жоспарлар жасалатынын тілге тиек етті. «2010 жылы Бакуде өткен кездесуде қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес сарапшылар қазіргі саммитке шығарылатын құжаттарды дайындау бойынша үлкен жұмыс атқарды. Бүгін біздің алдымызда осы жұмыстың нәтижесін талқылау, алдағы күндерге және болашаққа басымдықтар белгілеу, саяси мәлімдеме қабылдау міндеті тұр», деген В.Путин алда әлі талай шешімін күткен мәселелер бар екендігін еске сала келе, төртінші саммит осы мәселелердің мүмкіндігінше шешім табуына ықпал етіп, жиын неғұрлым пайдалы болатынына сенімін білдірді.

В.Путиннің сөзінен соң, шағын құрамдағы кездесу одан әрі жабық жағдайға ауысты.

Шағын құрамдағы кездесу аяқталған соң бес ел президенттері кең құрамдағы кездесуге ойысты. Онда мемлекеттер басшылары кезектесе сөз сөйлеп, Каспийге қатысты мәселелерді жан-жақты талқылады. Айталық, Каспий теңізін бірлесіп басқару, су айдынында заманауи құқықтық режим қалыптастыру, оның бірегей табиғи ортасы мен биологиялық ресурстарын сақтау мәселелері қаралды. Өз мемлекеттері ұстанымдарын ортаға салып, ұсыныстарын жариялады. Кең құрамдағы келелі кездесуде сөз алған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде тараптардың келіссөздер үдерісінде 2010 жылғы Баку кездесуінен бері айтарлықтай ілгерілегеніне тоқталды.

– Осынша күрделі тақырыпты талқылау достық, өзара түсіністік пен серіктестік ауанында өтіп жатыр. Осыдан төрт жыл бұрын біз қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға осылай жеткен едік. Бұл біздің елдеріміздің

Каспий теңізіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудағы кең ауқымды мәселелер бойынша өзара іс-қимылын кеңейтуге берік негіз қалады, – деді Қазақстан басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев гидрометеорология, биоресурстарды қорғау және төтенше жағдайларға әрекет ету саласында келісімге қол қою жоспарланғанын айтты.

– Біз сондай-ақ саяси мәлімдеме қабылдаймыз, ол таяу болашақтағы келіссөздер үшін жолбасшы болуы тиіс. Бұл мәлімдемеде біз маңызды қағидаттарды бекітеміз. Ол біздің жұмысымыздың басты мақсатына жетуге – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюға бағытталған. Таяу уақыттарда осы құжатты қабылдайтынымызға және Каспий өңіріндегі ынтымақтастықты тереңдету үшін берік құқықтық іргетас қалайтынымызға үміттенемін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ «Каспий бестігінің» жалпы ауаны сындарлығымен әрі мәмілеге келуге дайындығымен сипатталатынына назар аударды. Нұрсұлтан Назарбаев тараптар Каспий теңізінің әділ құқықтық режимін орнатуға таяу екенін атап өтті. Осыған орай Мемлекет басшысы Каспий маңы елдерімен серіктестікке байланысты мүмкіндіктер жөніндегі өз ойларын ортаға салды. Бұл реттегі ынтымақтастықтың ауқымды бөлігін сауда-экономикалық байланыстар құрауы тиіс.

– Біз Каспий өңіріндегі елдердің іскер топтарының саммит қарсаңындағы форумын қостаймыз. Мұндай алаң бизнес өкілдері арасында өзара тиімді экономикалық байланыстар орнатудың бір пішіні болып саналады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы елдердің экономикаларын әлемдік нарықтың қазіргі жағдайын ескере отырып жақындастыру жолдарын қарастыру мүмкіндігіне назар аударды.

– Экономикалық өзара іс-қимылдарға Каспийдің құқықтық мәртебесін реттегенге дейін де негіз қалауға болады. «Каспий еркін сауда аймағын» құру туралы ұсынысты қарастыруды ұсынамын. Бұл біздің елдеріміздің үкіметтері деңгейінде нақты талқыланатын мәселелердің алғашқысы бола алады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті бұдан әрі Каспий теңізінен өзге теңіз дерге, Әлемдік мұхитқа және кері қарай жалпыға мойындалған нормалар мен халықаралық қағидаттар негізінде еркін шығу туралы қағидаттарды келісімдеу саммиттің маңызды жетістігі болғандығына да тоқталды.

– Бүгінгі таңда Қазақстанда транзиттік бағыттардың «Солтүстік – Оңтүстік», ТРАСЕКА, «Лянь юн гань порты – Қорғас – Ақтау порты» секілді дамыған желісі бар. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автокөлік дәлізінің құрылысы аяқталуға таяды. Биыл Қазақстан Түрікменстан және Иран мен арадағы теміржолды түпкілікті түйістіруге ниетті. Біз Қазақстанның аумағын ірі еуразиялық іскерлік және транзиттік хабқа айналдыру үшін қажетті барлық жағдайды жасаудамыз, – деді Қазақстан басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан арқылы ашылған маршруттарды назарға ала отырып, біздің еліміз оларды Каспий маңы мемлекеттерінің тауарларын басқа елдердің нарығына, бірінші кезекте Қытайға жеткізу үшін транзиттік көпір ретінде пайдалануды ұсынатынын айтты.

Осы мақсатта біздің елдеріміздің үкіметтері үкіметаралық келісімдер бекіту мүмкіндігін қарастыра алады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл барлық тараптар үшін де өзара тиімді, деп атап көрсетті Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы Каспийдің өндірістік жағынан игерілуі экологиялық теңдікті сақтау мәселесін жандандыра түсетінін де мәлімдеді.

– Біздің міндетіміздің маңыздылығы теңізді бөлуде ғана емес, оның бірегей экологиялық жүйесін де сақтауда жатыр. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Бүгінгі таңда экологиялық қауіпсіздікті сақтау саласы бойынша келісімшарттық әрі құқықтық база жасақталды. Каспий теңізінің қоршаған ортасын сақтау жөнінде негіздемелік конвенцияның бірқатар хаттамаларына қол қойылды. Бұл үдерісті дамыту үшін бекіре тұқымдас балықтарды аулауға салынған тыйымның сақталуын бақылау тетігін әзірлеу қажет. Осы орайда біз «Каспий бестігі» әзірлейтін браконьерлікке

тосқауыл қою жөніндегі бірлескен шешімге баса маңыз береміз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы сондай-ақ Каспий маңы елдерінің туристік инфра құрылымдары каспийлік туризмді ұйымдастыруға жақсы мүмкіндіктер ашатынын, сондықтан үкіметтерге ынтымақтастықтың осы бағытын жете зерделеу керектігін айтты. Елдердің қарым-қатынасында мәде-нигуманитарлық ынтымақтастыққа айрықша маңыз берілетінін де атап көрсетті.

Теңіз құрылықтарды бөлгенімен, халықтарды қосады. Осы даналық елдеріміздің арасында мыңдаған жылдар бойы орныққан қарым-қатынастың сипатын көрсетеді. Бүгін Астраханьда жастар арасындағы қарым-қатынасты одан әрі тереңдете түсетін Каспий жастар саммиті өтіп жатыр. Бұл идея – жақсы бастама, оны қостау керек, деді. Болып өткен келіссөздер Каспий маңы елдерінің өзара тату қарым-қатынасының айғағы екенін атап өтті.

– Астрахань кездесуінің қорытындысы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға лайықты үлес қосатынына сенімдімін. Бұл үшін барлық алғышарттар мен ерік-жігер жеткілікті. Біз күш-жігерімізді біріктіру арқылы ғана халықтарымыз бен елдеріміздің игілігі үшін қажетті нәтижелерге жете аламыз, – деп түйді сөзін Нұрсұлтан Назарбаев.

Шындығына сүйенсек, Каспий теңізі энергоресурстардың түпсіз көзі ретінде қазіргідей әлемді экономикалық тұрақсыздық жайлаған алмағайып кезеңде жағалаудағы елдердің өзіне деген мүдделілігін бұрынғыдан да гөрі тереңдете түсті. Осы ретте, кейбір ғылыми-зерттеулер мәліметтеріне сүйенсек, Каспий теңізіндегі әзірге анықталған мұнай қоры 5,1 млрд. тоннаны, ал газ қоры 8 трлн. текше метрді құрайды екен. Оптимистік болжамдарға қарағанда Каспийден шығарылатын мұнайдың жалпы көлемі 2015 жылы күніне 2-4 млн. баррельге жетпек. Сондай-ақ, Каспий теңізі мен оны қоршаған территориялар көмірсутегі шикізатының үлкен қорының жинақталған жері болып табылады. Ал мамандардың алдын-ала жасаған болжамдары бойынша, теңіздің Қазақстан жағы бөлігі мен оған жалғасқан территориядағы ресурсы мұнаймен есептегенде 4,5 млрд. тоннаны құрайды екен. Құқықтық мәртебені анықтауда теңіз бойындағы мемлекеттердің бәрі де өздерінің мүдделеріне барынша сәйкес келетін жобаларды ұсынып келеді, бірақ қалай дегенмен бес елдің мүддесіне де тиімді шешім табу оңай шаруа болмай тұр. Әрине, әрбір мемлекет өз ұлттық мүддесін алға қояды. Мамандар теңіздегі энергоресурстарды өндіру және басқа да амалдардың әсерінен оның экологиясына келетін залал су қоймасының өздігінен, табиғи жолмен тазалану және жаңару күшіне ырық бермей, шектен тыс көбейіп барады деп дабыл қаға бастады. Оны барлық тараптар атсалыспаса бір жақ немесе екі, үш жақ өз күшімен залалсыздандыра да алмайды. Ал оның барлық құрылыққа қасіретін тигізетін үлкен табиғат апатына айналуы да ғажап емес. Сондықтан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің тезірек анықталуына кімкім де мүдделі болуға тиіс. Ал араға жылдар салып өткізіліп отырған осындай жоғары деңгейдегі бас қосулар, оның арасында ауық-ауық ұйымдастырылған өз деңгейіндегі талқылаулар Каспий мәселелерін мәмілеге келтіріп, түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға ықпал етіп келеді. Соның нәтижесінде теңіздің құқықтық мәртебесін анықтау да өз шешімін табуға таяу, тіпті келесі самитте қабылдануы да мүмкін. Саммит соңында бес мемлекеттің басшылары қатысқан қорытынды баспа сөз мәслихаты өтті. Онда Қазақстан Президенті Астраханьдағы Каспий маңы елдері басшыларының IV саммитінің қорытындысы нәтижелі екенін айтты. – Бүкіл Каспий маңы өңірі екпінді дамып келеді және ондағы энергия көздері мен биологиялық ресурстарға орай оған ауған әлем назары да ұлғая түсті. Бүгінгі саммит Каспий маңы мемлекеттерінің барлық күрделі мәселелерін шешуге деген ниетін тағы да байқатты. Біз осындай келесі шара Қазақстанда өтеді деп шештік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан Президенті Астраханьдағы саммит қорытындысын нағыз ілгері ұмтылыс деп атады. – Келіссөздер нәтижесінде Каспий жағалауы елдері іс-қимылының негізгі қырлары бойынша ұстанымдарын жақындаттық, бірқатар маңызды өңірлік мәселелерді талқыладық. Астрахань саммитінің қорытындысы басты құжат –

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны қабылдау мақсатындағы ілгерілеуге мүлде жаңа серпін беретіндігіне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы. Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ саммит барысында ұсынылған бірқатар бастамалар туралы да айтты. Олардың ішінде Түрікменстанның тұрақты жұмыс істейтін Каспий экономикалық форумын құру туралы және Қазақстанның Каспий еркін сауда аймағын құру туралы ұсыныстары бар. – Сірә, біз енді өзіміз қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылайтын және өңірдегі ынтымақтастықты ілгерілетумен айналысатын бір ұйым құруға аяқ басатын шығармыз. Жалпы алғанда, біз елдеріміздің барлығы үшін өте маңызды, нәтижелері айқын келіссөздер өткіздік деп санаймын. Астраханьдағы кездесу Каспийдің татулық пен достық теңізі екендігіне деген біздің сенімімізді нығайтты, – деп түйіндеді сөзін Елбасы. Тарихына тереңдесек, негізінен Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау КСРО құлап, оның бойында орналасқан Ресейден басқа Қазақстан, Әзербайжан, Түрікменстан республикалары өздерінің тәуелсіздігін алғаннан бері өз маңыздылығын арттырғаны белгілі. Бұрын оның мәртебесі теңіз жағасында орналасқан КСРО мен Иран сияқты елдердің арасында соңғы рет 1940 жылдары қол қойылған келісімшарттардың негізінде анықталып, екі мемлекет теңізді пайдалануда тең және айрықша құқылы болып келген. Теңіз жағасында бес тәуелсіз мемлекет пайда болған соң бұрынғы келісімшартты қайтадан қарап, жаңа жағдайға сәйкес теңіздің құқықтық мәртебесін анықтау қажеттігі туындады. 1998 жылдың шілдесінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жер қойнауын пайдаланудағы егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің жігін ажырату туралы келісім және 2002 жылдың мамырында оған Хаттама жасалды. 2001 жылдың қарашасында және 2003 жылдың ақпанында тиісінше Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы келісім және оған Хаттама жасалды. Сонымен қатар, Қазақстан, Ресей және Әзербайжан арасында 2003 жылғы мамырда Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісім жасалды. 2003 жылдың қарашасында Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қол қойылды. Ол 2007 жылғы тамызда күшіне енген. Каспий теңізі жағалауы мемлекеттері басшыларының бірінші саммиті 2002 жылы, екінші саммиті 2007 жылы өтті. Тегеран қаласында өткен бұл кездесу барысында Әзербайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Түрікменстанның бірлескен декларациясы қабылданды. Бұл құжат Каспийдің құқықтық мәртебесінің, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері бойынша, сондай-ақ Каспий жағалауы мемлекеттерінің халықаралық қатынастардың жекелеген аспектілері жөніндегі ұстанымдарына байланысты мәселелер бойынша қазіргі бар уағдаластықтарды саяси деңгейде бекемдеп берді. Ал Каспий жағалауы елдері басшыларының үшінші саммиті 2010 жылы Әзербайжан астанасы Бакуде өткен болатын. Үшінші саммит шеңберінде бес мемлекет президенттерінің бірлескен мәлімдемесіне және Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Міне, араға төрт жыл салып төртінші саммитте бас қосқан бес елдің басшылары Каспийге қатысты тағы біраз мәселенің басын ашып, нақты шешімдер қабылдады. Нәтижесінде бірқатар құжаттарға қол қойылды. Мәселен, Каспий теңізінің гидрометеорологиясы бойынша ынтымақтастық орнату туралы, Каспий теңізінің алабында төтенше жағдайлар туындаған жағдайдағы өзара іс-қимыл жасау туралы, сондай-ақ биоресурстарын сақтау мен қорғауға арналған келісімдер, Әзербайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы президенттерінің мәлімдемесі. Сонымен қатар, мемлекет басшылары коммюнике қабылдады. Мәлімдемелерде аймақтық державалардан тыс өзге елдердің қарулы күштерінің Каспий теңізінде болуына жол бермеудің маңыздылығы атап өтілген. Сондай-ақ, бес жақты саудаэкономикалық ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлу жоспарланған. Оған қоса, энергетика және көлік салаларын дамытуға басымдық берілген. Төртінші

саммит жұмысының соңында бес мемлекеттің басшылары Еділге бекіре тұқымдас балықтардың шабақтарын жіберу жөніндегі символдық шара рәсіміне қатысты. Осылайша Каспий мәселелерінің төрт жылын «түйіндеген» төртінші саммит мәресіне жетті. Ал «Каспий бестігінің» бесінші саммиті енді екі жылдан соң Қазақстанда өтуі мүмкін. Елбасы саммит аяқталған соң Астраханьда Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді. Кездесу барысында екі елдің көшбасшылары Каспий маңы мемлекеттерінің төртінші саммитінің қорытындылары туралы сөз қозғады. Нұрсұлтан Назарбаев пен Ильхам Әлиев сондай-ақ бірқатар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін, соның ішінде сауда-экономикалық, отын-энергетика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылдың болашағын талқылады. Сонымен қатар, мемлекет басшылары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Динара БІТКОВА